

ЛИВЕРТИН АКТИВ

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

ҚҰРАМЫ: 1 таблетканың құрамында	мг
L - орнитин	200
Берікгүлдің құрғақ экстрактісі (Cynara Scolymus L.)	200
Апатікеннің құрғақ экстрактісі (Silybum Marianum L.)	140

Қосымша заттар:

микросталды целлюлоза (Вивапур 102), тары крахмалы, натрий гликолят крахмалы, желатин, магний стеараты, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий кроскармеллозсы (Е468).

Қабықтың құрамы: Опадрай II 85F18422 ақ (ішінара гидролизденген поливинил спирті, титанның қостотығы (Е171), макрогол 3350, талық), хинолинді сары бояғыш (Е104), Понсо 4R MD европал бояғыш (Е124), индигокармин бояғыш.

Құрамында балалардың белсенділігі мен зейініне кері әсер етуі мүмкін бояғыштар бар.

ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ:

тағамға белсенді биологиялық қоспа ретінде қолданылады:

- бауырдың функционалдық жағдайын жақсарту, оны күнделікті демеу және түрлі ұлттанулардан қорғау үшін;
- бауырды қорғауды және токсиндер мен метаболизм өнімдерінен тазартуды қамтамасыз ету үшін;
- өттің өндірілуін және ағымын көтермелеуге ықпал етеді;
- липидтік алмасуды демеу үшін, бұл ас қорытудың жақсаруын және бауырда химиялық үдерістердің өтуін, холестерин деңгейін бақылауды қамтамасыз етеді;

КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ҚАСИЕТІ:

L-орнитин - мочевино биосинтезіне белсенді қатысатын қышқыл. Адам организмінде аз мөлшерде өндіріледі және неспен пен токсиндердің шығарылу үдерісіне қатысады.

L-орнитин-гепатопротекторлық және детоксикациялық әсерге ие. Күрстық қабылдау кезінде бауыр жасушаларының жұмысын тиімді қалпына келтіреді. Аммиак пен құрамында азот бар ақуыз алмасу өнімдерінің өртүрлі азғалар жасушаларынан және қаннан шығарылуы арқылы бауыр мен организмнің ұыттануын жеңілдетуге ықпал етеді. Организмдегі ақуыз алмасуын қалыңқа келтіруге және жақсартуға көмектеседі.

Берікгүлдің құрғақ экстрактісі (Cynara scolymus L.)

Берікгүл жапырақтарында цинарин, хлороген және кофе қышқылдары, минералды тұздар, полисахаридтер (олардың 80% - ын инулин құрайды), пектин, иегіш заттар, органикалық қышқылдар, калий, сондай-ақ А, В1, В2, С дәрумендері бар. Өзінің құрамының арқасында берікгүл жеңіл өт айдайтын әсерге ие, бауыр жасушаларының табиғи қорғанысын демеяді.

Берікгүл экстрактісі: өт секрециясын және ағуын жақсартуға; бауырдың функционалдық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Берікгүл құрамындағы инулин, аскорбин қышқылы, каротин, В1 және В2 дәрумендері негізгі метаболизмді демеяді және липидтер алмасуына оң әсер етеді, соның арқасында берікгүл: ас қорытуды жақсартыады, әсіресе көмірсулар мен майлы тағамдардың көп мөлшерін қабылдаған кезде; бауыр жасушаларында биохимиялық үдерістерді демеуге; холестерин алмасуын жақсартуға ықпал етеді.

Апатікеннің құрғақ экстрактісі (Silybum marianum L.)

Апатікеннің құрамында майлы май, эфир майы, хромондар, шайырлар, биогендік аминдер және флавонолигнандардың бірегей кешені бар, олардың негізгілері силибинин, силидианин, силикристин болып табылады. Бұл силимарин деп аталатын флавонолигнандар кешені, апатікеннің биологиялық белсенділігі мен гепатопротекторлық әсерін анықтайды. Силимарин-бауыр жасушаларын қорғайтын және оның функцияларын қолдауға көмектесетін табиғи қосылыстар кешенінің бірі.

Силимарин - флавоноидтардың (флаволигнандардың) апатікеннің кешені сырттан келетін және метаболизм нәтижесінде бауырда пайда болатын улы заттарды жою қабілетімен белгілі.

Силимариннің бауырды қорғайтын қасиеттері оның антиоксиданттық функциясы мен жасуша жарғақшаларын нығайту қабілетіне байланысты. Липидтердің асқын тотығу өнімдерінің шамадан тыс жинақталуы бауыр жасушаларының (гепатоциттер) өміршендігін төмендетудің жетекші механизмдерінің бірі болып табылады. Бұл жасуша жарғақшаларының липидті қабатының беріктігінің төмендеуіне әкеледі. Силимарин липидтер гидро-асқын тотығының жиналуына кедергі жасайды және осылайша бауыр жасушаларының қорғанысын арттырады. Сонымен қатар, гепатоциттердің жасушалық жарғақшасын тұрақтандыра отырып, силимарин оларға улы заттардың түсуін баяулатады. Силимарин бауырдағы зат алмасуды да қолдайды, нәтижесінде бауыр функциялары одан да белсенді қолдау көрсетеді.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ:

Жеткілікті мөлшердегі сумен іше отырып, күніне 2-3 рет 1 таблеткадан қабылдау керек.

1 таблеткаға ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ (г):

Ақуыздар - 0,2

Майлар - 0,0

Көмірсулар - 0,2

Энергетикалық құндылығы - 8 кДж/2 ккал.

ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАР:

- ББҚ компоненттерін жекеley көтере алмаушылық;
- Жүктілік және лактация кезеңі;
- 18 жасқа дейін.

АЙРЫҚША НҰСҚАУЛАР:

Ұсынылған тәуліктік дозадан (күніне 3 таблетка) асырмау керек және ББҚ-ны өртүрлі теңдестірілген тамақты алмастырғыш ретінде қолдануға болмайды.

Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

БОСАТЫЛУ ШАРТТАРЫ:

Дәріхана желілері және арнайы дүкендер, сауда желісі бөлімшелері арқылы.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Жарықтан қорғалған жерде, 25°С- ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ:

10 таблеткадан 1 блистерде. 3 блистерден медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорпта.

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: 36 ай.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

ӨНДІРУШІ:

«ВЕТПРОМАД»,

«Отец Паисий» көшесі №26, 2400,

Радомир қаласы, Болгария

МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(МТК) ҰСТАУШЫСЫ:

BELINDA LABORATORIES LLP

Unit 18, 53 Norman Road,

Greenwich Centre Business Park, SE10 9QF,

Лондон, Ұлыбритания

МТК №: KZ.16.01.98.003.R.000788.12.22

ТҰТЫНУШЫЛАРДАН ШАҒЫМ-ТАЛАПТАРДЫ

ҚАБЫЛДАУҒА ӨКІЛЕТТІ ҰЙЫМ:

«Cepheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС,

ҚР, Алматы қ, Аль Фараби даңғылы 7,

ЖК «Нұрлы Тау», блок 5А, офис 247

тел: +7 (727) 300 69 71,

e-mail: cepheusmedical@gmail.com